

Ахметова Э.Б.¹, Капышева. Ж.В.²

1. Ғылыми жетекшісі, география магистрі, аға оқытушы,

*2. Студент 4 курста, Жаратылыстану ғылымдары кафедрасы, мамандықтың
«География»*

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ОҚУ ҚЫЗМЕТ ФОРМАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Өзіндік жұмыс – оқу үрдісінің бір бөлігі, оқытудың әдісі, оқу-танымдық әрекеттің тәсілі, сипаты, бірізділігі, типі, тексеру формасы жоспарланған кешенді, мақсатты оқу әрекеті. Өздігінен білім алудың негізгі жолы - оқушыны таным процесіне үйрету. Ол үшін бүкіл сыныптағы оқушыларға өздігінен жұмыс істеуге жағдай жасау қажет. Бірсыпыра әдіскер - ұстаздардың пікірінше, оқушыда тұрақты білім негізін қалыптастыру үшін сол үйренетін пәніне ықыласы, зейіні артуы керек, бұл үшін белгілі бір педагогикалық мақсат қоюдың рөлі мен мәні зор. Өйткені практикада оқушы еңбек етіп, өздігінен алған білімін жоғары бағалайды, оған өзі риза болады. Сондықтанда оқушының танымдық қабілетінің дамуы мұғалімнің шеберлігіне бірден-бір тікелей байланысты.[1]

География сабақтарында оқушылардың таным белсенділігін арттыруға мүмкіндіктер мол. Себебі, бұл ғылымдар табиғат, туған өлке, туған жер, адамзат дамуымен тығыз байланыста болады.

Оқушылардың таным белсенділігін арттырудың негізгі жолдарының бірі - өзіндік жұмыс жүйесін ұйымдастыру. Өзіндік жұмыстың мақсаты – географиялық білімді меңгерту ғана емес, оқушының өз ой-пікірін жүйелеп ұсынуға баулу, өз ізденісіне жол ашып, танымдық көзқарасын арттыру.

Дидактикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыс білімді тереңдетуге, толықтыруға, дағды мен іскерлікті қалыптастыруға, танымдық әрекетке қызығуды туғызуға, таным үрдісінің әдіс-тәсілдерін игеруге, танымдық қабілетінің дамуына, шығармашылықпен жұмыс істеуге және ғылыми жұмыспен айналысуына мүмкіндік жасайды.

Өзіндік жұмыстың тәрбиелік жағдайы басым. Ол адамның жеке басының қасиеттерінің (мақсат қоюшылық, ізденушілік, қызығу) қалыптасуына әсер етеді.[5]

Өзіндік жұмысты берерде оқушының бастапқы білімі мен іскерлік деңгейіне, материалдық түсініктілігіне, бірізділігіне, пәннің мазмұнын қамтитындай дәрежеде берілуіне үлкен мән беріледі.

Оқушылардың өздік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру сабақ сапасының артуына септігін тигізеді. Теориялық білімнің терең бекіп, жүйелі қалыптасуына өздік жұмыстың дұрыс таңдалып алынып, құрастырылуына байланысты болады. Өзіндік жұмыс оқу үрдісімен тығыз байланысты болғандықтан, алдымен, екіге бөліп қарастыру керек.

- Сабақта орындалатын өзіндік жұмыстар;
- Сабақтан тыс орындалатын өзіндік жұмыстар.

1) Сабақта орындалатын өзіндік жұмыстарға тақырыптық, тәжірибелік және зертханалық сабақтар кіреді.

2)

Сабақтан тыс орындалатын өзіндік жұмыстарға оқу материалдарын толықтыру, семинар сабақтарына дайындалу, реферат жазу, ұйтапсырмасын орындау.[1]

Өздік жұмыс кезінде оқушылар оқулықпен және дидактикалық материалдармен, түрлі анықтамалық кітаптармен, газет-журналдармен, интернетпен жұмыс істеуге үйрене бастайды. Өздігінен жұмыс істеуге талпынады. Жұмысы нәтижелі болса, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады. Өз бетіндік жұмыстар жаңа материалды түсіндіру кезінде (сұрақтар, іздену үшін тапсырмалар), бекіту және қайталау (картамен жұмыс), білімдерін тексеру (мәтінмен жұмыс) кезінде орындалады. Өз бетіндік жұмыстарға қойылатын талаптар: оқушылар мүмкіндіктеріне сай келетін, алған білім, іскерлік, дағдыларын шығармашылықпен қолдануға бағытталған, ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған болуы керек, өз бетіндік жұмыстар жүйесі біртіндеп қиындайтын болуы керек, түрлендіріп отыру керек және жұмыс тексеріліп бағалануы керек.

Өздік жұмыстар ұйымдастырылуда мынадай талаптар орындалуы қажет:

1. Өздік жұмыстың мазмұны бағдарламаға қойылатын талаптарға сәйкес келуі керек.
2. Оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға тиісті.
3. Өздік жұмыстар түрі және мазмұны жағынан әр түрлі болуы керек.
4. Әрбір өздік жұмыс тексеріледі және бағаланады.
5. Өздік жұмысты тек қайталау кезінде ғана жүргізбей, сабақтың барлық кезеңдерінде, орынды жерінде өткізу керек.[2]

География сабағында өзіндік жұмыстың мақсаты – географиялық білімді меңгерту ғана емес, оқушының өз ой-пікірін жүйелеп ұсынуға баулу, өз ізденісіне жол ашып, танымдық көзқарасын арттыру.

География сабағында оқу қызметінің формасы ретінде оқушылардың өзіндік жұмыстары мен жаңа материалды түсіндіру кезінде (сұрақтар, іздену үшін тапсырмалар), бекіту және қайталау (картамен жұмыс), білімдерін тексеру (мәтінмен жұмыс) кезінде орындалады.

Өздік жұмыстарды жеке оқушымен, топтарға бөлу арқылы, барлық оқушылардың қатысуымен ұйымдастыруға болады.

Өздік жұмыстардың түрлері: оқулықпен жұмыс, әр түрлі жаттығулар, практикалық және зертханалық жұмыстар, тәжірибелер, бақылау жұмыстары, тест тапсырмалары, рефераттар, баяндамалар, ғылыми жоба т.б.

Өздік жұмыстар әр сабақта міндетті түрде жүргізіліп отыруы қажет.

Бұл жеке, топтық және түгел сынып оқушыларымен жүргізіледі.

1. Топпен өздік жұмыс жүргізілгенде, әр топқа жеке тапсырмалар беру керек. Әр топтың бір басшысы болады-үлгерімі жақсы оқушылар. Ол

білмегендерге кеңесін беріп, көмектеседі. Әр топ келесі топқа өз сұрақтарын қояды. Мұнда оқушылар өз бетімен сұрақтар, сызбалар, карточкалар, плакаттар, суреттер дайындап әкеледі.

2. Оқушыларға өздік жұмыс ретінде тарихи материалдардан баяндамалар, рефераттар жасауды тапсыруға болады.

3. Тақырып бойынша бақылау жұмысын жазғанда, жіберілген қателермен жұмыс жасап, қате жіберілген тапсырмаларға ұқсас мысалдар алып, нұсқалар бойынша жаттығулар жасаймыз, оқулықтан ережелерді іздеп, тауып, оқуға тапсырма беремін. Оқушы өз қатесін тауып алады.

4. Сәйкестік тест жүргізгенде, әр оқушыға жеке карточка жасап таратылып, тексеріледі. География курсына оқушылар өзіндік жұмыс арқылы – жаңа білімдер жинақтайды, картаны оқиды және мәліметтерге сараптама береді.[3]

География сабақтарында оқушылар өздігінен орындайтын жұмыстарды былай жіктеуге болады: оқулықпен, оқу құралдарымен және басқа анықтама әдебиеттермен жұмыс істеудің, есеп шығаруға арналған жұмыстардың әр алуан түрі; үлестірмелі материалмен жұмыс істеу, сабақта өздерінің жолдастары берген жауапты толықтыру; конференцияларда жасаған баяндамаларға немесе хабарламаларға пікір айту; жеке немесе топтық тапсырмаларды орындау; рефераттар жазу; кейбір көрнекі құралдарды (плакаттар, схемелер, альбомдар) жасау; экскурсия кезінде өлшеуге немесе практикалық жұмыстар орындау. Негізгі дидактикалық мақсатқа сай өздігінен орындайтын жұмыстар: 1) білім алу және оны одан әрі тереңдету, 2) іскерлік пен машықтарды қолдануға бағытталған.

Географиялық білімнің сапасын арттырудағы ең маңыздысы география мұғалімінің біліктілігінде, ол дегеніміз оқушылардың теориялық алған білімдерін практикада қолдана білуде және талқыға салуында. Қазіргі оқыту үрдісі оқу-әрекетін дұрыс ұйымдастыру және алға қойған мақсаттарының шешімін табу үшін жаңа білім көздерін өздігінен игеру барысында жеке тұлғаны құзыреттілікке бағыттап оқытуды талап етуде

Мектептегі географияны оқыту үрдісінде бәсекеге қабілетті, өмірге белсенді жеке тұлғаның бойына жаратылыстану-ғылымы және әлеуметтік-экономикалық білімнің жалпы жүйесінен тұратын білім, білік, дағдыны қалыптастырып, өмірге дағдыландыру және алған білімін қолдана алуға дайындау.


Оқушылармен жүргізілген әр түрлі өздік жұмыстар нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артады, өз бетімен ізденуге, жұмыстануға дағдыланды. Картаны түсініп, оқып, білуге деген қызығушылықтары арта түсті. Өзіндік жұмыстар оқушылардың тәрбиелік жағдайына да әсер етті. Оқушылардың жеке басының қасиеттерінің, яғни мақсат қоюшылық, ізденушілік, сөйлеу, ойлау, қызығушылық қабілеттерінің қалыптасуына әсер етеді.[5]

География пәнінен тәжірибие барысында оқу формасы ретінде өздік жұмыстардың түрлерін қолдандым. Өздік жұмыстар арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын, білім сапасына артыру, өз бетімен жұмыс

жасай білу дағдыларын қалыптастыру, тек кітаппен ғана жұмыс жасамай қосымша материалдармен жұмыс жасай білу іскерліктерін қалыптастыруға бағытталды. Өздік жұмыстар 8 «а» сыныбында өткізілді, сыныптағы 28 оқушымен әр түрлі өзіндік географиялық тапсырмалармен жеті сабақ ұйымдастырылды.

1 диаграмма

Оқушылардың өзіндік жұмыстарының нәтижелері



1 сабақта оқушыларға кластер құру, өзендерді алаптар бойынша топтастыру және кескін картаға өзен мен көлдерді түсіру жұмысы, анықтама жазып, ауызша ұғымдарды түсіндіру, қосымша оқулықпен жұмыс жасап терминдерге анықтама беріп, жаттау болды. Сыныптың білім сапасы бастапқы өзіндік жұмыстан кейін 17 %-ды құрады. Яғни бірінші өткізілген өзіндік жұмыстың нәтижесіне сүйенсек оқушылардың өздігінен жұмыс жасау қасиеттерінің төмендігі, мұғалімнің көмегісіз тақырыпты аша алмауы, берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың тапсырмаларды дұрыс түсінбеуі байқалды.

Екінші өздік жұмыста оқушыларға венн диаграммасын толтыру, реферат жазу, 5 – жолдық өлең құрау және тақырыпты бекіту үшін 2 – бақылау жұмысы алынды. Нәтижесінде білім сапасы бірінші өзіндік жұмыспен салыстырғанда 5% артты, екінші өткізілген өзіндік жұмыстың сапасы 21 %-ды құрады. Оқушылар өздігінен білім алуға, оқулықпен жұмыс жасауға, картаны оқып білуге тырыса бастады. Яғни пәнге деген қызығушылығы, өзін бағалауға бағытталған жұмыс нәтижесі көріне бастады.

Үшінші өзіндік жұмыс «Қазақстанды физикалық тұрғыдан аудандастыру» тақырыбына байланысты өткізілді. Үшінші өзіндік жұмыстың нәтижесі – 25 % құрады. өзіндік жұмысты орындаған сайын оқушылар тек қана оқулықты ғана емес қосымша мәліметтермен де жұмыс жасай бастады, яғни оқушылар тапсырмаларды ізденіспен, қызығушылықпен, мәліметтерді саралап дұрыс нәтиже шығару жұмыстарымен айналыса бастады.

Төртінші, бесінші және алтыншы өзіндік жұмыстарды орындау барысында оқушылар 32 %, 39 %, 42 % білім сапасын көрсетті. Бұл кезде оқушылар Қазақстанның физикалық аудандастыру тақырыбын өтіп, модульдік оқыту технологиясы қолданды. Оқушылар аудандарды жеке қарастырып, топ болып өзіндік жұмыстарды орындады. Бағалау түрлері: топтық бағалау, яғни бармақпен бағалау, смайликтермен бағалау қолданылды. Соңғы жетінші өзіндік жұмыс өздігінен алған білімдерін тексеру мақсатында орындалды. Қорытындысына келетін болсақ білім сапасы 46 % құрады. Яғни ең біріншіде алған білім сапасымен салыстырғанда оқушылардың өздігінен алған білім нәтижесінде 29% артқанын көруге болады.

Тәжірбие барысында оқушылардың өзіндік жұмысты орындау барысында қызығушылықтарының артуы, сабақтың сапасының және нәтижесінің жоғарылауы байқалды.

Тәжірбие нәтижесінде оқушылардың өзіндік жұмыстарды орындау барысында өз бетімен жұмыс жасай отырып берілген тапсырмаларды толықтай қарастыруы, ізденушілік қасиеттері, проблемалық тапсырмаларды жаңа тиімді жолдармен шешу әдістері, жұппен жұмыс жасай отырып әділ бағалау, қосымша материалдарды пайдалану дәрежесінің жоғарлауы, өз бетінше іздену, өздік жұмыс жасай білу дағдыларының қалыптасқаны анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абдурахитова Озатгүл. «Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру». // Қазақстан мектебі. №11-12. 2005 ж.
2. Бейсембаева Зәмзия. «Өзіндік жұмыс- кәсіби біліктіліктің көзі». 2002, №5,
3. Р. Есеева «Өзіндік жұмыс түрлерінің оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытудағы ролі». // Қазақстан мектебі., 2005, №5,
4. Т. Қоқымбаева. Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру. // 2001, №3,
5. Б. Асубаев, Г. Сүлейменова, К. Ысқақова, С. Көбенқұлова «Қазақстанның физикалық географиясы» / Оқыту әдістемесі/ А., 2004 ж.

Баубекова Г.К.¹, Куроченко А.А.²

1. *Научный руководитель, магистр педагогики, старший преподаватель*
2. *Студент 4 курса, кафедра естественных наук, специальность «География»*

РАЗВИТИЕ РАСТЕНИЕВОДСТВА ДЕНИСОВСКОГО РАЙОНА ЗА ПЕРИОД С 2006 ПО 2015 ГОДЫ

Денисовский район расположен на западе Костанайской области. На севере и западе граничит с Челябинской областью Российской Федерации, на востоке с Тарановским районом, на юго-востоке с Камыстинским, на юге с Житикаринским районом Костанайской области.